

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Қазақ тілі**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. *Адамның адамшылығы жақсы ата-анадан, жақсы ұстаздан, жақсы құрбыдан (Абай) сөйлеміндегі үтірдің қойылу себебі*
  - A) оқшау сөздер
  - B) бірыңғай мүшелер
  - C) қаратпа сөзден кейін
  - D) төл сөзден кейін
  - E) жай сөйлемдердің арасына
  
2. Жазушы белгілі бір оқиғаны толық суреттемей, үзік-үзік сөйлемдермен бергенде қойылатын тыныс белгі
  - A) көп нүкте
  - B) үтір
  - C) нүктелі үтір
  - D) нүкте
  - E) сызықша
  
3. *«Сүйіндік, Жексен, Сүгір – үшеуің де алдыма түс» (М.Әуезов) сөйлемдегі жалпылауыш сөз*
  - A) Жексен
  - B) Үшеуің
  - C) Сүйіндік
  - D) Сүгір
  - E) Алдыма түс
  
4. Санай көрсетілген ой қатарын білдіру үшін қолданылатын цифр, әріптерден кейін қойылатын тыныс белгі
  - A) нүкте
  - B) сызықша
  - C) нүктелі үтір
  - D) үтір
  - E) қос нүкте
  
5. Қуанышты, қорқынышты, өктем бұйрықты сөйлемдерден кейін қойылатын тыныс белгі
  - A) сызықша
  - B) нүкте
  - C) нүктелі үтір
  - D) сұрақ белгісі
  - E) леп белгісі

6. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат (Абай) сөйлеміне қажетті тыныс белгі
- A) жақша
  - B) қос нүкте
  - C) сызықша
  - D) нүкте
  - E) тырнақша
7. Шолпан саф алтын сияқты: бойындағының бәрі –ана сүтімен біткен өңкей асыл қасиеттер (Ғ.Мұстафин) салалас құрмалас сөйлемінің мағыналық түрі
- A) түсіндірмелі
  - B) ыңғайлас
  - C) талғаулы
  - D) шартты
  - E) кезектес
8. Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай. Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрі
- A) қарсылықты
  - B) мезгіл
  - C) себеп-салдар
  - D) шартты
  - E) мақсат
9. Әдейі танытпайын деп, бет-аузын байлап алыпты (М.Әуезов) сабақтас құрмалас сөйлемінің мағыналық түрі
- A) мақсат бағыныңқылы
  - B) мезгіл
  - C) себеп бағыныңқылы
  - D) қимыл-сын
  - E) қарсылықты
10. *Келісіп пішкен тон келте болмас* жай сөйлемнің құрылысына қарай түрі
- A) жайылма
  - B) толымсыз
  - C) жалаң
  - D) жақсыз
  - E) атаулы

11. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем
- A) Ақырын жүріп, анық бас
  - B) Көп біліп, аз сөйле
  - C) Ананың тілін алмаған азапқа түседі
  - D) Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын
  - E) Бас болмақ оңай,-бастамақ қиын
12. Баяндауыштары тиянақсыз, мағыналық жағынан бір-біріне бағынышты жай сөйлемдердің байланысуы
- A) Аралас
  - B) Жалғау арқылы
  - C) Сабақтас
  - D) Жұрнақ арқылы
  - E) Салалас
13. Баяндауыштары тиянақты болып келіп, құрамындағы жай сөйлемдерін жеке-жеке қолдануға болатын сөйлемнің түрі:
- A) аралас құрмалас
  - B) салалас құрмалас
  - C) жарыспалы бағыныңқылы сабақтас
  - D) сабақтас құрмалас
  - E) көп бағыныңқылы сабақтас
14. Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлем түрі
- A) толымды
  - B) сабақтас
  - C) аралас
  - D) құрмалас
  - E) жайылма
15. Тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем түрі
- A) жақсыз
  - B) жақты
  - C) жалаң
  - D) толымсыз
  - E) атаулы
16. Жақты сөйлем
- A) Менің танысым келеді
  - B) Ымырт жабылған кез
  - C) Тілі бардың тіріде ақысы кетпейді
  - D) Төбе шашы тік тұрды
  - E) Ғылымды табу керек

17. Жақсыз сөйлем баяндауышының жасалу жолы
- A) есімше
  - B) қалау рай
  - C) етіс
  - D) көсемше
  - E) шартты рай
18. Бастауыштың сұрақтары
- A) қалай? қайтіп? неге?
  - B) кімге? неге? кімді? нені?
  - C) кімнің? ненің? қандай?
  - D) қашан? қайда? қайдан?
  - E) кім? не? кімің? нең?
19. Сан есімнің негізгі синтаксистік қызметі
- A) пысықтауыш
  - B) толықтауыш
  - C) баяндауыш
  - D) бастауыш
  - E) анықтауыш
20. Жіктік жалғаулы сөздің сөйлемдегі синтаксистік қызметі
- A) баяндауыш
  - B) анықтауыш
  - C) пысықтауыш
  - D) бастауыш
  - E) толықтауыш

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Бастауышқа қатысты қойылған сызықша
- A) Жақсы – ісімен жақсы
  - B) Айдағаның бес ешкі – ысқырғаның жер жарады
  - C) Мен - президент
  - D) Ашуланғаны сонша – ызаның ұшқындары шашырап тұрды
  - E) Бала тілі – бал
  - F) Күн бұлттанып-ақ тұр еді,- жауа қоймады
22. Үтірдің қойылу жағдайлары
- A) септеулік шылаулардан кейін
  - B) бастауыштан кейін
  - C) бірыңғай мүшелердің арасына
  - D) оқшау сөздерден кейін
  - E) жоқ, иә сөздерінен кейін
  - F) жалпылауыш сөзден кейін
23. Сызықшаның қойылатын орындары
- A) жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе
  - B) бірыңғай мүшелердің арасына
  - C) қарсылықты салалас құрмалас сөйлемде
  - D) оқшау сөздерден кейін
  - E) қаратпа сөзден кейін
  - F) бастауыштан кейін
24. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылатын тыныс белгі
- A) үтір
  - B) сызықша
  - C) нүкте
  - D) қос нүкте
  - E) тырнақша
  - F) нүктелі үтір
25. Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сұрақтары
- A) неге?
  - B) қайтіп?
  - C) қашан?
  - D) қалай?
  - E) не себепті?
  - F) неліктен?

26. Аралас құрмалас сөйлемге тән белгі
- A) Салаласа байланысады
  - B) Шылау арқылы байланыспайды
  - C) Тек қана қосымшамен байланысады
  - D) Сабақтаса байланысады
  - E) Бір ғана ойды білдіреді
  - F) Үш не одан көп сөйлемнен құралады
27. Атаулы сөйлем
- A) Түс ауа келді
  - B) Райынан қайтты
  - C) Жазғы кеш
  - D) Қамшы салдырмады
  - E) Түн
  - F) Ымырт
28. Жай сөйлемнің түрлері
- A) атаулы
  - B) хабарлы
  - C) толымсыз
  - D) жалаң
  - E) бұйрықты
  - F) сұраулы
29. Анықтауыш болатын сөз таптары
- A) үстеу
  - B) одағай
  - C) шылау
  - D) есімше
  - E) сан есім
  - F) сын есім
30. Жанама толықтауыштың сұрақтары
- A) кім?
  - B) кімге?
  - C) қайда?
  - D) кімнен?
  - E) кімде?
  - F) кімнің?

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Туған тілдің тұғыры**

Тіл туралы сөз – ең жанды жеріміз. Алаш арысы Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» дейтін сөзі бар. Арғы-бергі тарихты адақтап, әлемдегі мемлекеттердің тіл туралы тұжырымдарына зер салсақ, өзінің тілін «Ана тілі» деп дәріптейтін де, ардақ тұтып қадірлейтін жұрттың бірі біздің халқымыз екен. Ата-бабаның ұлы дәстүрін, тарихы мен шежіресін, әні мен жырын туған тілінде тыңдап, жүрегіне ұялатып өскен ұрпақтың өкілі ретінде қазақ тілінің бүгінгі мен болашағына ерекше мән беремін.

Әрине, оның кешегі кеңестік кезеңде жолы тар, орны төменде болғанын бәріміз білеміз. Отарлық құрсаудың темір қақпаны ана тіліміздің адымына шідер салып, дамуына кедергі келтірді. Тіл шұбарланды, онымен бірге діл тұманданып, сана күмәнданды. Сана сергітер саңлақ тіліміздің тұсалған кезі еді ол. Оны бүгінгі ұрпақ – біз ұмытсақ, келер ұрпақ одан әрі жаңылып, жаза басуы мүмкін. Ұлттың ұлы қазынасы – Ана тілін жаңа ғасырдың биігіне абыроймен алып шығу – бүгінгі ұрпақтың парасатты парызы.

Кеңестік кезеңде, одан бергі тәуелсіздік таңы тұсында, ақын сөзінің астары басқаша ашылып, шындығында да, «сөз өнері – дертпен тең» жағдайға жеттік. Ұлтымыздың ұлы тілі басқа шауып, төске өрлеген өктем тілдің шылауына айналып, өз жерімізде баспалап сөйлейтін кезеңге келдік. Отарлық езгінің қаруын қолға ұстаған дүмділер тілді бұғаулау ғана емес, ойды тұсау, ұлттық ділді шеттету идеясын мықтап қолға алып, ата мен бала, келін мен ене жат тілде шүйіркелесіп, отбасының өзара үндесуі де өзге тілге ойысып бара жатты.

Біз кейде тәуелсіздікті «оңай алдық, дайын күйде кезіктік» деген солақай пікірлерді де естіп қаламыз. Бұл – тіптен қате байлам. Тәуелсіздік берген ең құнды, ең бағалы бір жетістік – туған тіліміздің мәртебесін көтеріп, оны Конституциямыздың 7-ші бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп бекем түрде бекіттік. Тілімізге теңдік тиді, қапияда жоғалған құны қайта қалпына келіп, төрге шықты, төрелікке қол жеткізіп, заңдық негізге ие болды.

Ата Заңның айбарында мемлекеттіліктің мәртебесі мен мерейін көтеріп тұрған бұл баптың бабын таба алмай, баянын орната алмасақ, өзімізге ренжиік. Өз тілін өгейсініп, өзге тілдің ығына жығылғандардың қарасы қазіргі кезде біртіндеп азайып келеді. Бірақ ондайлар мемлекеттік қызметте әлі көптеп кездеседі. Абайлай жүріп, ақылға жүгінсек, оның да ыңғайы келіп, реті табылар Жаңа, жас толқын келіп, тілдің мәртебесін бұдан

жоғары сатыға көтерер. Әрі солай болатынына күмән келтірмейміз.  
(Н.Ә.Назарбаев)

31. «Күмәнданды» сөзіне қосымшаның жуан жалғану себебі
- A) түбір сөзге байланысты
  - B) соңғы буынында ә дыбысы бар сөзге
  - C) бірінші буында жіңішке ү дыбысы бар сөзге
  - D) жіңішке буынды сөзге
  - E) к дыбысынан басталатын сөзге
32. Антоним сөздер
- A) мәртебе-мерей
  - B) өгей-жат
  - C) тарих-шежіре
  - D) ой-сана
  - E) арғы-бергі
33. «Адақтап» сөзінің мәтіндегі білдіретін мағынасы
- A) ақтару
  - B) кезу
  - C) аяқтау
  - D) аралау
  - E) ерекшелену
34. «Ренжіік» сөзінің дұрыс айтылуы
- A) іренжүйік
  - B) ренжыйік
  - C) іренжійік
  - D) ыренжиік
  - E) ренжійік
35. «Тіл шұбарланды, онымен бірге діл тұманданып, сана күмәнданды» құрмалас сөйлем құрылысына қарай түрі
- A) ыңғайлас
  - B) сабақтас
  - C) қарсылықты
  - D) аралас
  - E) салалас



**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Абыз**

Рахманкүл Бердібаевтың ұлт алдында атқарған абыройлы ісі – оның отыз жыл бойы (1965-1995) Алматы қаласындағы М.Әуезовтың музей-үйінде халық университетін ұйымдастырып, 500-дей дәріс өткізуі. Осыншама қыруар жұмысты қоғамдық негізде атқарудағы басты мақсаты: мүлгіп жатқан ойды ояту, қазақтың өз мұрасын өзіне қайтару болған. Мұхтар Әуезовтің музей-үйінде қазақтың С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты атақты қалам қайраткерлерінен бастап көптеген ақын-жазушылармен қызғылықты кездесулер өткізілді. Сондай кездесулердің бірінде (23.02.1973) С.Мұқанов тоқырау жылдарында ұлттық тарихқа деген көзқарастың барынша нашарлап, ғалымдарымыз тарихи шындықты айта алмай, қаламгерлеріміз өткенді жазғаны үшін кінәланып жатқандығына қарамастан: “Өткенді білу керек, өткеннің тәжірибесі бүгінгіні білу үшін қажет. Абай – асқар тау. Ол елден шығып отыр. Ал әдеби дәстүрі жоқ, жазу-сызу өнері, мәдениеті болмаған елден Абайдай адамның шығуы мүмкін емес. Абайдай алыпты шығарған халықтың өткен тарихына, кейінгі дәстүріне зер салып қарауымыз керек”, - депті.

Раханды туған жері Түркістан тартатын да тұратын. Сонымен, ол 1997 жылы әсем Алматыдағы барлық тұрмыстық-әлеуметтік жағдайды, қызметін тастап, туған топырағы Түркістанына қайтып оралды. Осындағы Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде ұстаздық етіп, еліміздің ертеңі жас ұрпақты тәрбиеледі, олардың бойына білімнің, адамгершіліктің ұрығын егіп, онысын азаматтықтың, ұлтжандылықтың, түркішіліктің нәрімен суғарды. (Д.Ысқақов)

36. Дыбыс саны мен әріп саны келмейтін сөз

- A) ұлт
- B) тастап
- C) сияқты
- D) ұстаздық
- E) ертеңі

37. «Адамгершілік» сөзіндегі жұрнақтың құрылымы мен құрамы жағынан жіктелуі

- A) омоним
- B) құранды
- C) өнімді
- D) төл
- E) жалаң

38. «*Суғарды*» диалект сөзінің жасалу жолы
- A) дауыссыз дыбыстардың алмасуы
  - B) синтаксистік тәсіл
  - C) кейбір дыбыстардың тұрақсыздығы
  - D) лексикалық тәсіл
  - E) дауысты дыбыстардың алмасуы
39. «*Абай – асқар тау*» пікірінің авторы
- A) С.Мұқанов
  - B) Ғ.Мұстафин
  - C) М.Әуезов
  - D) Ғ.Мүсірепов
  - E) Р.Бердібаев
40. Мәтіннің стилі
- A) ресми іс қағаздар стилі
  - B) ғылыми стиль
  - C) көркем әдебиет стилі
  - D) ауызекі сөйлеу стилі
  - E) публицистикалық стилі

**2-БЛОК: Қазақ тілі**  
**ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**